

## АДАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ: ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІЛЕР\*

<sup>1</sup>С.Е. Нұрмұратов, <sup>2</sup>Қ.Б. Кемельбеков

### АҢДАТПА

Авторлар ғылыми мақалада адамның тұлғалық қалыптасуы мәселесін қазіргі қазақстандық қоғамдағы нақты әлеуметтік және рухани үдерістермен байланыстыра отырып зерделейді және құбылыстың философиялық және дүниетанымдық аспектілерін қарастырады. Авторлар мәселені зерделеу барысында философиялық-әлеуметтанулық әдіснамамен қатар пәнаралық тәсілді қолданады. Заманауи кезеңдегі саяси көзқарастармен бірге авторлар руханияттың өзгеруін, дәстүрлі және инновациялық дүниетанымдық ұстанымдардың өзара астасуын талдайды. Заманауи тұлға цифрлық бірегейлігін қалыптастыруға ұмтылады және оның тұлғалық өзін-өзі тануы жаңаша дүниетанымдық парадигмаларға негізделеді. Сонымен бірге, ғылыми мақалада когнитивтік бетбұрыс жағдайындағы мәдени және рухани таңдаулардың маңыздылығы көрсетіліп, оның дүниетанымдық перспективалары көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** адам, бірегейлік, заманауи әлем, дәстүр, дүниетанымдық жүйе, көзқарас, мәдениет, руханият, тұлға, философия.

<sup>1</sup> ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан

*Автор-корреспондент:*  
Нұрмұратов С.Е.,  
s.nurmuratov@mail.ru

*Мақаланың сілтемесі:*  
Нұрмұратов С.Е.,  
Кемельбеков Қ.Б. Адамның  
тұлғалық қалыптасуы:  
дүниетанымдық аспектілер  
// Адам әлемі. – 2025.  
– №1 (103). – Б. 3-12.

### Личностное становление человека: мировоззренческие аспекты

**Аннотация.** В научной статье авторы рассматривают философские и мировоззренческие аспекты феномена, связывая проблему формирования личности человека со специфическими социальными и духовными процессами в современном казахстанском обществе. При изучении проблемы авторы используют междисциплинарный подход, философскую и социологическую методологию. Наряду с политическими взглядами в современный период авторы анализируют изменения духовности, переплетение традиционных и инновационных мировоззрений. Современный человек стремится сформировать цифровую идентичность, а его личностное самосознание базируется на новых мировоззренческих парадигмах. При этом в научной статье показана значимость культурно-духовного выбора в контексте когнитивных изменений в современном обществе, обозначены его мировоззренческие перспективы.

**Ключевые слова:** человек, идентичность, современный мир, традиция, мировоззренческая система, точка зрения, культура, духовность, личность, философия

### Personal Development of a Person: Ideological Aspects

**Abstract.** In the scientific article, the authors consider the worldview aspects of the phenomenon, linking the problem of human personality formation with specific social and spiritual processes in modern Kazakhstani society. In studying the problem, the authors use an interdisciplinary approach, along with philosophical and sociological methodology. Along with political views in the modern period, the authors analyze the changes in spirituality, the interweaving of traditional and innovative worldviews.

The modern person strives to form a digital identity, and his personal self-awareness is based on new worldview paradigms. At the same time, the scientific article shows the importance of cultural and spiritual choices in the context of cognitive change, and its worldview perspectives are indicated.

**Key words:** Man, Identity, Modern World, Tradition, Worldview System, Point of View, Culture, Spirituality, Personality, Philosophy.

### ***Kіpіcne***

Заманауи кезеңде философияда негізінен тұлғаның екі негізгі ұғымдық қырларын қарастырады: біріншіден, тұлға адамның әлеуметтегі, тарихтағы функционалдық (рөлдік) сипаттамасы ретінде қабылданады және екіншіден, тұлға оның маңызды дүниетанымдық сипаты ретінде танылады. Бірінші ұстаным бойынша адамның әлеуметтік қызметі мен әрекеттері негізінен қарастырылады және нақты шындықтағы атқаратын әлеуметтік рөлі ұғымына негізделген түсініктерді құрайды. Жалпы бұл екі зерттеу бағдары адам болмысының тұлғалық болмысына назар аударғандықтан зерделеу барысында бір-бірімен астасып жатады.

Адам тұлғасының құбылыстық тұрғыдағы құрылымдық сипаты мен терең мазмұндық астарларын түсінудің біршама қиындықтары бар екені анық. Әсіресе, зерделеу барысында философиялық-дүниетанымдық аспектілердің маңыздылығына қарамастан, бір қарағанда танымдық бағалаулар адамның ішкі, терең әлемін ашуға, оның тек маңызды қасиеттері мен мінез-құлқын толықтай ашып беруге мүмкіндіктер бермейді. Өйткені, когнитивтік өлшемдер адам болмысының оның ішінде оның сипаттамасы болатын тұлғалық деңгейді толыққанды қамти алмайды деген түсініктер зерттеушілер арасында кездеседі [1]. Сондықтан мақалада зерттеу нысанына барынша пәнаралық сипатта талдаулар жасау әдіснамалық тұрғыда тиімді деп көзделіп отыр. Адам тек зердені ғана қамтымаған құбылыс екені анық. Оның ерекше рухани қырлары бар екенін ескеруге тиістіміз.

### ***Руханилық адам болмысының негізгі іргетасы***

Руханилықтың критерийлері қандай? Руханияттың сапасы жеке адамға қатысты тек бір ғана нәрсемен анықталады – ол адамның санасы мен жүрегіне

тиетін кез келген соққыны оңай және сүйіспеншілікпен қарсы алу қабілетіңіз жоғары болса, онда руханилық тұлғада басымдық танытқанын білдіреді. Егер сізде бұл қабілет аз болса және сіз көршілеріңізге барынша наразылық білдірсеңіз, онда бұл өте үлкен әлсіздік туралы, әлі сіздің нақты адам болуды әлі үйренбегеніңіз туралы айтады. Ұлы Абай «Адам бол!» деп бекер айтпаған [2]. Өйткені, енді жер бетінде өзін көрсетуі керек нағыз адам - бұл оған үлкен қайғы әкелетін адам туралы тіпті жаман ойлауға қабілетсіз адам. Бұл процесс Кемел Рухты түсінуде ғана мүмкін. Қазіргі адамға басқа жол жоқ шығар. Қазіргі жағдайда барлық елдердің барлық келешегі зор адамдары жер бетіндегі өмірді құру және сақтау жолында бірігуі керек. Бұл қазіргі әлемдік дағдарыс үдерісінен шығудың өзіндік бір жолы, планеталық масштабтағы ауқымды қақтығыстарды жеңу жолы.

Адам көп деңгейлі шындықта өмір сүреді, онда оның болмысын және қоршаған әлемді құндылық негізінде түсіну процесі жүреді. Бұл позициядан руханилық (құндылықтық-адамгершілік қатынастың ең жоғарғы формасы) сыртқы болмыстың ғаламын жеке адамның ішкі әлеміне этикалық негізде аудару қабілеті болып саналады, сол ішкі дүниені жасау қабілеті, соның арқасында тұлғаның өзіндік ерекшелігі, оның үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға қатаң тәуелділіктен босатылуы жүзеге асырылады. Руханилық ерекше құбылыс ретінде, түптеп келгенде, өзіндік мәнді космогонияға, дүние бейнесінің жеке адамның моральдық заңымен үйлесуіне әкеледі.

Еліміздің ұлттық философиясының қалыптасуы мен дамуы адам және тұлға мәселесін қазіргі заман логикасын сәйкес қарастыру үшін аса маңызды құбылыс. Кез келген заманауи кезеңдегі ұлттық философиялық жүйесі жалпы адамзаттың ғасырлар бойы қордалаған рухани дүниесінен сусындайтыны анық және әрбір қауымдастық өзінің рухани болмысын-

да жинақтаған этникалық философиялық пайымдауларына да сүйенеді. Сөйтіп, бұл күрделі мәдени-әлеуметтік, шығармашылық үдерісте зияткерлік дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген даналық үлгілері шешуші рөл атқарады. Қазіргі заманауи кезеңде тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқының тарихи эволюциясында қалыптасқан өзіндік этнофилософиясы біртұтас Қазақстанның ұлттық философиясының өзегін құрай бастады. Ал тұлғаның қалыптасуы мәселесі осы танымдық жүйеде көрнекті орын алады.

Еліміздің тарихи қалыптасқан рухани әлемі өткен кеңестік кезеңде маркстік философияның басымдығының аясында өрбігені белгілі, енді заманауи қайта түлеу кезеңінде жаңаша сипаттағы ұлттық философияның жүйесін қалыптастырудың жолына бет бұрғанымыз белгілі. Әрине, кез келген философиялық жүйе қысқа уақытта жылдам жасала салмайды. Ол үшін кәсіби философтарымыз сыни ойлаудың әдіснамасын қолдана отырып қазіргі кезеңдегі жаңа талаптарға сай пәрменді ғылыми ізденістер жолында болуы тиіс. Жалпы терең тамырлы даналық үлгілері өзіндік пәрменді дамудың қажетті қозғаушы күшіне айналып қана қоймай, әрбір жеке адамның дербес дүниетанымының, рухани әлемінің қалыптасуына ықпалын тигізіп отырады. Философияда үнемі айтылатын өзара байланыс пен дамудың әрбір сәті қоғамдық прогресс барысында үнемі іштей астаып жатады, одан тыс қалған құбылыстар құлдырайды, ішкі қайшылықтарға түседі және нәтижесінде дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан өзінің шынайы рухани келбетін, маңызды құндылықтарын жоғалтқан ел де, мемлекет те, жеке адам да жасампаз даму жолында болмайды.

Қазіргі уақытта әлемде цифрлі технологияға, ақпараттар ағынына арқа сүйеген жаңа заманның тарихи кезеңі келді және ол өзімен бірге көптеген рухани, әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәселелер топтамасын әкелді. Ол өз кезегінде жаңа сипаттағы тұлғаның қалыптасуын талап етеді. Міне осындай жағдаятта заманның қайшылықты тұстарын айқындау, дағдарыстардан тиімді шығу жолдарын табу гуманитарлық сала

мамандары үшін қасиетті парыз екені даусыз. Тұлғаның өзіндік философиялық, психологиялық және әлеуметтанулық қырлары мен түрлері бар:

1. Қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды қолдаушылар. Олар негізінен рухани парыз, қоғамдық тәртіп, заңға тікелей бағыну ұстанымдарына бағдарланған адамдар және сонымен қатар тұлғаның бұл түрінде шығармашылық көкжиегі, өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу, тәуелсіздік сияқты қасиеттердің көріністері салыстырмалы төмен деңгейде көрініс бере тні байқалады. Бірақ олар әлеуметтегі тұрақтылықты сақтауға, рухани мұраны игеруге үлкен үлес қосады.

2. Идеалистік типтегі белсенді азаматтар, алдыңғыларға керісінше, дәстүрлі нормаларға, тәуелсіздік пен билікті мойындай қоймауға және кез келген жағдайда өзін-өзі дамытуға ұмтылатын жандар және олар оқиғалар мен құбылыстарға сыни көз-қарастарымен ерекшеленеді.

3. Депрессиялық сипаттағы көңілсіз тұлғалар. Олар песимистік дүниетанымды таңдайды, ешнірсеге көңілі толмайды және өздеріне берілетін бағалаулардың төмендігімен, перманентті депрессияларымен, денсаулығының нашарлығымен және өмір ағынынан шығып қалғандай сезіммен өмір сүретін қасиеттерімен айрықшалаанады.

4. Реалистер тобына жататындар. Бұл тұлғалар өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылады және дамыған борыш пен жауапкершілік сезімімен, салауатты скептицизмді өзін-өзі тәртіппен және өзін-өзі бақылаумен біріктіретін жандар. Олардың юморға жақындығы болашаққа оптимизммен қарауға негіз болады. Жүрген орталарын қанаттандыра алады.

5. Гедонистік ұстанымды басшылыққа алатын адамдар, олар өз іс-әрекеттерінде ең алдымен, «осы жерде және қазір» деген қағидатқа сүйеніп, өмірдің әрбір сәтінен барынша ләззат алуға ұмтылады және «өмірдің ләззатына» ұмтылу, ең алдымен, тұтынушылардың тілектерін қанағаттандыру формасында көрініс береді. Бұл тұлғалар бұқаралық мәдениеттің құндылықтарымен тоқмейілісін жандар деуге болады.

Сонымен заманауи кезеңде технологиялық дамумен бірге адам мен қоғамның рухани дүниесі бірте-бірте демократиялана бастауда, яғни ойлау еркіндігінің ұстындары қоғамның бұқаралық санасына еңдеуде. Үміт үзіліп, тарихта мәңгіге жабылған шығар, енді олар Ақиқат әлемінен орын теппес деген тарихтың кейбір «ақ таңдақтары» қазіргі уақытта бірте-бірте ғылыми кеңістікте мамандар үшін ізденістер ауқымы, ғылыми нысаны ретінде күн санап ашылу үстінде. Ғылыми танымның демократиялануы маңызды мәселе. Бұқара халықтың зияткерлік әлеуетінен бастау алған шынайы рухани күштердің, тарихи деректердің еркіндікке шығу кереметін, яғни басқаша айтқанда, халық рухының шабыттана асқақтауын қазіргі заманда өз көзімізбен көріп, оның куәсі болып отырмыз. Бұл құбылыстар шын мәнінде қазіргі тарихи кезеңнің ерекше дәуірлік, шынайы тарихи сипаттамасы. Бірақ бұл тарихта көп қиындық көрген халқымыздың рухани жаңғыруының бастамасы ғана. Бұл рухани кемелденуді жүзеге асыратын тек тұлғалар.

Егер шынайы философияның өлшемі ретінде тек батыстық модель алынатын болса, онда оған ұқсамайтын, сәйкес келмейтін барлық ұлттық сипаттағы дүниетанымдық жүйелер мойындалмайды және өзіндік іргелі мағынасы бар даналық үлгісі - «Философия» деген құбылыстан алыстап кетеміз. Философияның әралауынды, көпқырлы сипатының көріністерін мойындамайтын уақыт келді. Әлемдегі көп қырлы үдерістерді рухани игеруде өзіндік жасанды шектеулер болмауы тиіс, демек дүниені рационалды зерделеу маңызды, бірақ танымның бұл нұсқасын абсолюттеуге болмайды. Философиялық үлгі дамып, байып отырады. философиясы қалыптаспаған елдің руханияты кедей екені анық.

Қазіргі кезеңдегі технологиялық және ақпараттық ағындар заманында көрініс беріп отырған жақсы да теріс мағынала да үрдістер Жер бетіндегі барлық халықтардың тағдырына тікелей қатысты екені белгілі. Жетекші ұлт ретіндегі қазақтар да мен әртүрлі этнос өкілдерінен

құралған жалпы тұтастай алғандағы қазақстандықтар да сол әлемдік тұтас дүниенің бір құрамдас бөлігі. Осыған орай қазақстандықтардың тағдыры абстрактілі мәселе емес, ол негізінен халықтың әрбір өкілінің бақытты болуға ұмтылатын өмірімен, руханиятымен, дүниетанымымен астасып жатады. Демек, әрбір тұлғаның өмірінің мағынаға толы болуы үшін тек қана әлеуметтік-экономикалық ахуалды жетілдіру аздық етеді, сонымен бірге халықтың ғасырлар бойы қордалаған даналыққа толы рухани байлығын игеруі орынды. Осындай сәтте тәуелсіздіктің құндылығы барынша асқақтай түседі. Әсіресе, егемендік ел болу үшін ел бірлігінің маңызы зор. Оны жан-жақты зерделеу гуманитарлық саладағы, руханияттағы тұлғаның рөлін айқындаумен астасып жатады.

Ғұламалардың даналығы рухтың жайкүйін баяндаудың озық үлгілері болып табылады. Әл-Фарабидің «қайырымды қаланың тұрғындарына» арнаған трактаты замандастарымызға «Адам өзгерсе ғана заман да өзгереді, білім мен тәрбие нақтыланса ғана жалпы қоғам да сапалы деңгейге көтеріледі» деп тұрғандай әсер қалдырады [3]. Әл-Фарабидің адам руханилығының әр түрлі қырлары жайлы ілімін заманауи тұрғыдан түсіну және оның идеяларын тұлғаны пайымдау тұрғысынан қолдану замандастарымыз үшін маңызды міндет. Қазіргі кезеңде жиі айтыла бастаған практикалық философия осы жерде өзектене түседі. Жалпы философияның тұлғалық келбетін анықтайтын «Тұлға философиясы» деген атпен өрбіген саласын отанымыздың белгілі философы Н.К. Сейтахметов дамытқанын атап өткен жөн [4].

Әрине, адам өзгеруі үшін қоғамың жалпы рухани бағыты оңды және барынша ұтымды және тиімді болуы тиіс. Дамудың прогрессивті жолын таңдаған қоғамдарда экологиялық үйлесімділікті орнатуға ұмтылатын жасылдар қоғамы құрылып, терроризмге қарсы белсенді іс-әрекеттер жасалып, гуманизм қағидаттары жаппай насихатталып жатқанда біз қауымдастықтар өмірінде руханилықтың, адамгершіліктің ұшқындарының жоғалмағанындығына,

болашаққа деген үміттің үзілмегендігіне куә боламыз. Қазақстандық философия өкілдері гуманизм қағидаттарының Еуразиялық кеңістікте толық бағымдық танытқандығын, рухани құндылықтардың оңды бағаланғанын қалайды және әлеуметтік дүниенің рухани тұтқасы - адам өмірінің сапасын, қоғамдағы қатынастардың үйлесімділігін арттыруда екендігіне толық сеніммен қарайтыны анық. Бұл мәселелер жөнінде түсініктер 2024 жылы Рим қаласында өткен Дүниежүзілік философиялық конгресте кеңінен талқыланды.

Қоғамдағы руханилықты құрметтеу және оған ғылыми, философиялық дәйектеумен беру арқылы әлеуметтік ортада шынайы үйлесімді қатынастарды орнатамыз. Ал, керісінше, егер әлеуметте негізінен қара күшке, зорлыққа, алдау-арбауға арқа сүйеген қауымдастықтарда әдетте тарихи тәжірибе көрсеткендей үлкен дағдарысты, зұлматты жағдайлар орын алады, тұлғаның қалыптасуы қыспаққа түседі. Мәселен, тоталитарлық сипаттағы мемлекеттерде руханият өзінің шынайы табиғи-тарихи, жасампаз қызметінің түрін өзгертіп, бұрмалап, барынша үстірттенген кейіпте көрініс береді. Сондықтан қазіргі заманауи кезеңде адамзаттың барлығы жаңаша сипаттағы рухани құндылықтар әлеміне бет бұруы шарт. Тіпті, табиғаттағы апаттар, соңғы кезде жиеленіп кеткен экологиялық дисбаланстар адамның рухани болмысындағы кілтипандармен астасып жататындығы туралы тұжырымдар жиі айтыла бастады.

### ***Ұлттық рухани кемелденуі және тарихи тұлғалар миссиясы***

Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында руханият дүниесіне сүйенеді. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі және оларды өзектендіріп отырған ойшылдар, яғни тарихи тұлғалар болғанын атап өтеміз. Мәселе сол рухани инжу-

маржандардың тасымалдаушылардың қадірін біліп, құндылықтардың қай-мағын бұзбай қазіргі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр. Міне сонда ғана қоғамда жас буынның арасынан жаңа тарихи тұлғалардың көрініс беруіне айтарлықтай негіздер қалыптастырылады.

Осы жауапты істі абыроймен жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің Еуразиялық кеңістіктегі өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметіміз асқақтайды. Өйткені, өзінің тарихта қордалаған маңызды рухани құндылықтарын ыдыратып алмай, ерекше құрметтеген, аялаған, өрбіткен ел ғана және оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту бедерлерін, келбетін бере білген халық ғана адамзаттың өркениеттік аренасында шынайы және лайықты бағалануға ие болатыны сөзсіз. Бұл рухани кемелденудің өзіндік бұлжымас аксиомасы. Рухани сабақтастықпен берілетін біліммен қатар тәрбие де маңызды. Сонымен қатар тұлғаны жан-жақты сипаттамасын беру үшін ұлттық менталитетің бір қырын анықтайтын саяси дәстүрлердің маңызын өзектендіріп отырған орынды. Сонда ғана қоғамдағы дүниетанымдық жүйенің бағдарын анықтайтын саяси сабақтастық туралы айтуға болады [5].

Рухани жетістіктеріміз бен осал жерлеріміз философиялық тұрғыда пайымдалып отырылғаны абзал. Тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелеріне, көзқарастарына, іс-әрекеттеріне объективті бағалаулар берілгені жөнді. Зияткерлік рухани байлықтан сусындауға деген сұраныс, қажеттіліктер бар екені рас, бірақ жекелеген зиялылардың белсенділігімен сұраныстар толығымен қанағаттандырыла алмайды. Оның үстіне философиялық ойлау тарихына деген көзқарас тарихтың жаңа кезеңінде жаңаша ұстанымдармен толығады, көптеген жағдаяттар сыни талдаудан өткізіледі. Сондықтан жаңаша әдіснамаларды, деректерді қолдана отырып, сыни ойлаудың көмегімен жас ұрпаққа ұсынылатын ғылыми әдебиеттерді үнемі жаңғыртып отырған абзал.

Тарихи тұлғаларға бағалаулар берілгенде оларды асыра мақтап, мифтендіріп жіберген орынсыз.

Халқымыз адамзат тарихында моральдік-этикалық қалыптарды өзінің дүниетанымына негізгі арқау еткен этностардың қатарына жатады. Бұл жағынан алғанда сан ғасырлық дәстүрлі тарихы бар Шығыстың даналығын қордалаған көптеген халықтардың құндылықтық бағдарларымен біршама ұқсас етеді. Әрбір халық өзінің әлеуметтік тіршілігіндегі онтологиялық тіректі рухани дүниенің әр қилы салаларынан іздейді. Мәселен, әлемдік руханият тарихина көз жіберсек, онда негізінен алғанда жапондар эстетикадан, римдіктер құқықтан, гректер философиядан, парсылар поэзиядан, түркілер этикадан рухани іргетастарды тапқандай әсер қалдырады. Ал енді басқа әлеуметтің маңызды салалары этностың қоғамдық санасын тұтастандыра құраушы рухани элементтер іспетті. Шын мәнінде жалпы өмірдің терең құпиялы мәнін философиялық тұрғыда аша түсу үшін алдымен қауымдастық өзін-өзі тану бағытында батыл қадамдар жасауы тиіс, сонда адам болмысының астарлары айқындала түседі.

Жалпы, Шығыстың бай философиялық және әлеуметтік ойы, оның ішінде қазақ халқының философиялық-дүниетанымдық ойы Батыстағыдай қалыптасқан жүйелерде емес, поэзияда, фольклорда, ауыз әдебиетінде, мифологияда, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде екені белгілі. Адам мен әлемнің арақатынасын, адамның өзін-өзі тануы, сөйтіп өзін басқаға танытуы, тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық және этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, ең алдымен, толық, рухани жағынан жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік мазмұнмен байытқан халықтық философия.

Тұлға ретінде адам үнемі қалыптасып отыратын ерекше рухани құбылыс. Адам өмірлік іс-әрекеттерін тек ой еңбегімен ғана емес, ол рухани сезімдерін қолданып

жасайды және әлеуметтік қатынастарды қажет ететін субъект. Адамның негізгі ерекше қасиеті – оның дүниетанымының болуы. Осы қасиет руханияттың жоғары деңгейіне көтерілген адамның артықшылығын білдіреді. Дүниетанымның қалыптасуымен бір мезгілде жеке тұлғаның мінезі де, сезім әлемі де, менталитеті де қалыптасады – олар жүйелене келе әлеуметтік әрекет формаларын тұрақтандыратын адамның психологиялық өзегі болып келеді. Жеке адам өзінің тұрақты сенімділігіне, даралылығына таныммен қатар мінездің қалыптасуында ие болады.

Қомақты, іргелі мінезге өзінің іс-әрекеті арқылы үлкен мақсаттарға қол жеткізетін, объективті, ұтымды негізделген және әлеуметтік маңызы бар мұраттардың талаптарына жауап беретін, басқаларға идеялық және әрекеттік бағдаршам қызметін атқаратын адамдар ие болады. Оларды басқаша айтқанда тарихи тұлғалар деп атаймыз. Егер адамның мінезі объективтілігін жоғалтып, кездейсоқ, ұсақ, бос және жалған мақсаттарға бөлінсе, онда ол қиыңдылыққа айналып, деформацияланған субъективті болады. Қиыңдылық әлеуметтегі нағыз кейіпкер емес, оған пародия ғана. Адамның басқалармен қарым-қатынас жасауына кедергі жасау арқылы ол бұзушы күшке ие болады. Баққаша айтқанда бұндай жеке азаматтың өмірдегі қадамдары нағыз бақытсыздықтың белгісі.

Тұлғаның ерекше маңызды қасиеттерінің қатарына оның адамгершілігі жатады. Тек жоғары моральдік және терең интеллектуалды адамдар ғана өздерінің «тұлғалықпен шеңбермен шектелмеген» санасынан, яғни «Меннің» ішкі мағынасы айтқан Ақиқатқа сәйкес келетін нәрсені жасай алмауынан өткір трагедия сезімін бастан кешіреді. Демек, тұлға – адамның біртұтас құбылыс екендігінің өлшемі; ішкі тұтастықты қалыптастырмаған тұлға болмайды; Адамда тек біртұтас және ортақ нәрсені ғана емес, сонымен қатар бірегей және түпнұсқаны көру маңызды. Тұлғаның тарихи және әлеуметтік мәнін терең түсіну оны тек әлеуметтік емес, сонымен қатар жеке дара түпнұсқа болмыс ретінде қарастыруды қамту

керек. Бірақ сонымен бірге тұлға – бұл бірін-шіден, өзінің тұқымдық жолмен беріл-ген ерекшеліктерімен, екіншіден, өзі тәрбиеленетін микроортаның ерекше жағдайларымен байланысты ерекше құбылыс. Тектілік туралы сөз қозғанда осы тұқымдық жолмен сабақтастықпен берілген қасиеттерді жоққа шығармауымыз керек.

**Әділеттілік пен адалдық  
парадигмаларының заманауи  
кезеңдегі маңыздылығы**

Қазіргі уақытта гуманитарлық салалардың білікті мамандарының белсенділігі заманауи үдерісінде шешуші рөл атқарып отырғаны белгілі. Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында, көптеген еңбек ұжымдарында «Әділетті қоғам мен адал адам» концептілерінің маңызы мен мәнінің талқылануы көпшіліктің бұл құбылысты жете түсінуіне, соған сәйкес өзінің саласында, өңірінде шешімді қадамдар жасауына негіз болады. Халықтың бұқаралық санасында этикалық категориялардың беки түсуі барлық жерлерде маңызды және кешенді үдерістерге серпін береді. Әділеттіліктің дүниетанымдық маңызына тоқталатын болсақ, онда тұлғалық және ұжымдық жауапкершілік мәселесін айналып өтуге болмайды. Қазіргі еліміздегі тарихи ахуалда әрбір азаматымыздың өзіне қойған жоғарғы талабы, кәсіби біліктілігі мен жаңашылдыққа бейімділігі әлеуметтік прогресс пен жасампаздық жолында болуымыздың қайнар көзі екені анық. Әруақытта рухани бірлік пен жасампаз білімнің, рухани кемелдену қызметінің арқасында өркениетті, азаматтық құқықты қорғайтын қоғамды қалыптастыру барлығынан қымбат.

Қазақстан қоғамын әділеттілік парадигмасы тұрғысынан жаңғыртудың мәдени және құндылықтық негіздерін, оның жаңа цифрлық жағдайдағы тұрақты дамуын ғылыми негіздеу еліміздің ғалымдарының алдындағы абыройлы міндет. Қазақстанның мәдени-құндылықтық парадигмасын және оның рухани-адамгершіліктік дамуын зерттеулерге баса назар аударылып, оларға

ғылыми талдаулар жасалуы тиіс. Сонда ғана қазақстандық қоғамды, оның қоғамдық санасын жаңғырту жөніндегі іргелі мемлекеттік міндеттерді шешуге және ұлттық кодқа, мәдениет пен құндылықтардың үздік дәстүрлеріне сүйенетін және жаңа жағдайда күшті және бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндігі бар ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға бағытталған қадамдар жасалады. Тәуелсіздіктің маңыздылығы да осы жерде қажет [6].

Кезінде ортағасырлық мұсылмандық сипаттағы рухани ізденістер адам табиғаты туралы көптеген тұжырымдарын өрнектегені белгілі. Қазіргі еліміздегі діни ахуалға қатысты бұл жағдаятты білген орынды [7]. Жалпы тарихтың қалыптасуында диалогтық қатынастар маңызды рөл атқарғанын атап өткен жөн. Тарих қойнауында қалыптасқан діндарлық пен зайырлылық арасындағы өзара қатынастар тұлғалардың қалыптасуына әсер етіп отырғанын зерттеушілер ескертіп жүр. Бұл жерде рухани дәстүр мәеелесі маңызды екені анық. Тұлғалық қалыптасуда Еуразиялық кеңістікте, оның ішінде Ұлы Дала өңірінде этикалық қағидаттардың этностардың руханиятында маңызды рөл атқарғанын байқаймыз. Сондықтан Шығыс менталитеті үшін нағыз тұлға мораль философиясын мойындаудан, және дамытудан басталады.

Жаңаша тұрғыдан ғылыммен айналысуды ұйымдастыру біздің ұлттық ғылымымыз бен мәдениетімізді заманауи кезеңге сәйкес жаңғыртады. Адамды кемелдендіретін рухани түлеу үдерістеріне лайықты үн қосып, жаңа заман алып келген қайшылықтар мен қиындықтардың, қауіп-қатерлердің алдын алатын сапалы ғылыми-практикалық ұсыныстар беретін, бәсекелестікке төтеп бере алатындай инновациялық технологиялар жасайтын тарихи кезең де келді. Ұлттың рухани кемелденуі негізінен прогрессивтік жолға тірек болуға қабілетті қазақстандық қоғамның біртұтасқан рухани мәдениетімен және оның материалдық құндылықтарын қалыптастырумен және экономикасының инновациялық әлеуетімен астасып жатады. Демек, қазіргі әлемнің жаңа жағдайларында

Қазақстанның орнықты және тұрақты дамуын қамтамасыз етуде жаңаланған технология мен азаматтық жауапкершіліктің маңызы мен рөлі орасан зор екені анық. Қарқынды прогресс жолында болудың заман әкелген үлкен талаптары мен қағидалары да осындай.

Болашақта да ұлтымыздың қазіргі жаһандану заманында руханиятынан, ұлттық құндылықтық бағдарларынан айырылып қалмауына демеу болатын, рухани көмек беретін шынайы рухани және әлеуметтік құрылымдар мен жүйелерді сараптауға арналған ізденістердің көбірек болғандығы маңызды. Дегенмен, Ұлы Дала Елінің рухани байлығының, рухани өмірінің әлі де толықтай игерілмеген, ғылыми зерттелмеген тұстары жетерлік. Өзінің тарихта қордалаған маңызды рухани құндылықтарын құрметтеген, аялаған, өрбіткен ел ғана және оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту бедерлерін, келбетін бере білген халық ғана адамзаттың өркениеттік майданында шынайы және лайықты бағаланады. Сондықтан, еліміздегі рухани өмірдің эволюциясын әлемдік мәдениет аясында философиялық байыптау мен талдау мәселесі зерттеушілерді өзара ғылыми сұхбатқа, шығармашылық белсенділікке шақырады.

Қазіргі адамзаттың рухани және мәдени әлеміне аксиологиялық талдау жасау барысында мәдени коммуникацияның қыры ретіндегі келісім жаһандық шығармашылық императивке айналды деген қорытындыға келдік. Ол қоғамның іргелі құндылықтарына негізделген индивидуалды және этникалық шығу тегі айырмашылықтары арқылы және арқасында жүзеге асырылуы керек, сондықтан сыртқы сипатта емес, ішкі импульстардың, терең өзара тиімді диалогтың және жасампаз мәдениетаралық коммуникацияның салдары болып табылады.

Жаңа ұрпақ өзінің тарихи-мәдени өткенінен үзілмеуі керек. Тарихи оқиғалар мен тұлғаларды құрметтемей, өзінің шынайы тарихынан, мәдени мұрасынан үзілген кез келген ұрпақ ұлттық болмысынан айырылады. Мәдени мұра халықтың өз тарихында жинақтаған материалдық

және рухани құндылықтарының, өмірлік ұстанымдарының жиынтығы ретінде ерекше рухани құбылыс. Ол жалпы адамзаттық ауқымдағы дүниетаныммен, дүниені рухани игеру тәсілімен тығыз байланыста халықтың дүниетанымының негізгі белгілерін көрсетеді. Кез келген әлеуметтік қауымдастықтың тарихи санасы халықтың мәнді мәдени мұрасынсыз қалыптаса алмайды.

Әр түрлі этникалық мәдениеттерде адамның жеке тұлға ретіндегі бейнесі, мәдениеттің негізі ретіндегі рухани байлық бейнесі ерекше ерекшеліктерге сәйкес қалыптасады. Бірақ адам өмірінің рухани болмысының этикалық және онтологиялық негізіне әсер ететін, бүкіл адамзатқа ортақ нәрсені біріктіретін «нәрсе» бар екенін атап өткен жөн. Адамның өз халқының мәдениетімен тамырластығы оның жалпы адамзаттық мәніне мүлдем қайшы келмейді. Осыған байланысты жеке тұлғаның, жекенің және әмбебаптың диалектикасына сүйене отырып, адам болмысындағы негізгі мағыналарды біріктіруге болады. Ал енді кейбір зерттеушілер «рухани-мәдени тұлға» ұғымын ғылыми айналымға қосуға талаптануда. Ғалымдардың пайымдауынша, «Рухани-мәдени тұлға» негізінен жеке адамның біліктілігі мен білімі, тәжірибесі мен өмірмәнділік мақсаты, адамгершілік мен рухани байлығы арқылы қалыптасады [8].

Демек, адамның бірегейлігі ұғымының әлеуметтік танымда, қоғамдық құбылыстар мен оқиғаларды түсінуде, қоғамның қызмет ету мен даму механизмін түсінуде, оны тиімді басқаруда маңызы зор. Дегенмен, жеке адам қоғамда жойылып кетпейді, өзінің ерекше сипатын, даралылығын сақтайды: ол бірегей және тәуелсіз даралылық құндылығын сақтай отырып, әлеуметтік тұтастықтың өміріне өз үлесін қосады.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, әр халықтың рухани дүниесінің сан алуан көріністерінде белгілі бір рухани эволюциялық мән бар деп айта аламыз. Этникалық топтың рухани құрамдас бөлігінің даму логикасын қадағалап отыру үшін алдымен



адамзат мәдениетінің негізгі мәнін, оның руханилығын анықтау қажет. Белгілі болғандай, руханилық әлем туралы сан алуан білімдерді жинақтаумен шектелмейді. Бұл аспектіде әлеуметтік субъект идеалдарының маңыздылығын анықтау маңызды. Олар бүкіл адамзаттың прогресіне және жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы мен дамуына қызмет етуі тиіс. Зерттеудегі бұл анықтамалық нүкте кез келген адамның, этникалық топтың немесе мемлекеттің рухани әлемін өлшеудің өзіндік эталоны бола алады; оның ішінде қазақстандықтар туралы толықтай айтуға болады. Сонымен тұлғаның негізгі типі – бұл әлеуметтік дамудың қазіргі кезеңінің қажеттіліктеріне барынша жауап беретін, жауапкершілігі бар тұлға. Басқаша айтқанда, тұлғаның әлеуметтік түрі - бұл әлеуметтік жүйенің адамның құндылықтық бағдарларына және олар арқылы оның нақты мінез-құлқына қалай әсер ететінінің көрінісі. Тұлғалық деңгейде қоғамда асқақтай түскен сайын қоғам да, мемлекет те өркендеттене түседі. Жекеленген азаматтардың рухани келбеті әлеуметтегі көптеген рухани факторлардың түйісуімен және өзектендіруімен астасып жататыны айқын.

### **Қаржыландыру**

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында дайындалған АР19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайындағы тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелері».

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Сарсенбаева З.Н. Этнос и ценности. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2018. – 436 с.

2 Кунанбаев А. Книга слов. – Семипалатинск, Международный клуб Абая, 2001. – 234 с.

3 Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. – Алматы: Жазушы, 2016. – 324 б.

4 Сейтахметов Н.К. Личностный смысл философской культуры. – Алматы: Ғылым, 2001. – 234 с.

5 Нұрмұратов С.Е., Сартаева Р.С. Тарихи тұлғалар және ұлттың рухани әлемі Шығыс пен Батыстың сұхбаты жүйесіндегі тарихи

тұлғалар: сабақтастықтың философиялық қырлары // Республикалық дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2023. – 21-29 бб.

6 Токаев К.К. Независимость превыше всего // [Электронды ресурс] URL: <https://informburo.kz/novosti/kasym-zhomart-tokaev-napisal-statyu-nezavisimost-dorozhe-vsego> (Қаралған күні: 21.09.2024)

7 Сейтахметова Н.Л. Концепция человека в духовных исканиях мусульманского средневековья. – Алматы: РИО ВАК РК, 1999. – 243 с.

8 Аташ Б.М., Ахметов И.Ж., Қазиева Ж.Н. Қазақ дүниетанымындағы тұлға құндылығы: концептуалды бағдарлар // Шығыс пен Батыстың сұхбаты жүйесіндегі тарихи тұлғалар: сабақтастықтың философиялық қырлары. Республикалық дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2023. – 81-90 бб.

### **Транслитерация**

1 Sarsenbaeva Z.N. Jetnos i cennosti [Ethnicity and values]. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2018. – 436 с. (in Russ)

2 Kunanbaev A. Kniga slov [Book of words]. – Semipalatinsk, Mezhdunarodnyj klub Abaja, 2001. – 234 с. (in Russ)

3 Al-Farabi. Kajyrymdy qala tūrғында-rynūң kōzqarastary [Views of the residents of the benevolent city]. – Алматы: Zhazushy, 2016. – 324 b. (in Kaz)

4 Sejtahmetov N.K. Lichnostnyj smysl filosofskoj kul'tury [Personal meaning of philosophical culture]. – Алматы: Fylym, 2001. – 234 с. (in Russ)

5 Nұrmұratov S.E., Sartaeва R.S. tarihi tұлғalar және ұлттың ruhani әlemi Shығыs пен Batystың sұhbaty zhyjesindegi tarihi tұлғalar: sabaqtastyqtың filosofijalyқ қырлары [Historical figures and the spiritual world of the nation Historical figures in the system of dialogue between East and West: philosophical aspects of continuity] // Respublikalyқ dōңgeleқ үsteldiң materialdar zhinaғы. – Алматы: IFPR KN MNVO RK, 2023. – 21-29 bb. (in Kaz)

6 Tokaev K.K. Nezavisimost' prevyshe vsego [Independence above all] // [Elektronny resurs] URL: <https://informburo.kz/novosti/kasym-zhomart-tokaev-napisal-statyu-nezavisimost-dorozhe-vsego> (Қаралған күні: 21.09.2024) (in Russ)

7 Sejtahmetova N.L. Konceptija cheloveka v duhovnyh iskanijah musul'manskogo

srednevekov'ja [The concept of a person in the spiritual quest of the Muslim Middle Ages]. – Almaty: RIO VAK RK, 1999. – 243 s. (in Russ)

8 Atash B.M., Ahmetov I.Zh., Kazieva Zh.N. Қазақ дүниетанымындағы тұлға қындyлығы: konceptualdy бағдарлар [The value of the

individual in the Kazakh worldview: conceptual orientations] // Shyrys pen Batystyң sұhбаты zhıyesindegi tarihi tұлғalar: sabaқtastyқtyң filosofijalyқ қurlary. Respublikalyқ дөңgelek үsteldiң materialdar zhinaғы. – Almaty: IFPR KN MNVO RK, 2023. – 81-90 bb. (in Kaz)

#### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Серік Есентайұлы Нұрмұратов*

бас ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: s.nurmuratov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2038-3056

*Қынатбек Бердалыұлы Кемельбеков*

қауымдастырылған профессор, философия ғылымдарының кандидаты, академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан, email: Kemelbek67@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-3614-6339

*Серик Есентаевич Нурмуратов*

главный научный сотрудник, профессор, доктор философских наук, Институт философии, политологии и религиоведении КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: s.nurmuratov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2038-3056

*Қынатбек Бердалыұлы Кемельбеков*

ассоциированный профессор, кандидат философских наук, Университет дружбы народов имени академика А.Куатбекова, Шымкент, Казахстан, email: Kemelbek67@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-3614-6339

*Serik Nurmuratov*

Chief Researcher, Doctor of Philosophical Sciences, Institute of Philosophy, Political Sciences and Religious Studies of the MSHE of the RK, Almaty, Kazakhstan, email: s.nurmuratov@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2038-3056

*Kynatbek Kemelbekov*

Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, Peoples' Friendship University named after Academician A.Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan, email: Kemelbek67@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-3614-6339

